

АКАДЕМИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА



Ежи Старак
ZF Polpharma
Бақылау кеңесінің
төрағасы

«Polpharma Santo академиялық бағдарламасы Қазақстан мен Орталық Азиядағы фармацевтика өнеркәсібін ұзақ мерзімді дамытуға деген ұмтылысымызды көрсетеді.

Біз жастарды оқыту мен білімге инвестиция салу – тұрақты ілгерілеудің кілті деп санаймыз.

Алдыңғы қатарлы оқу орындарымен әріптестік орната отырып, біз заманауи фармацевтика саласында жұмыс істеуге қажетті білім мен технологияларды бөлісіп, студенттерге қажетті дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береміз.

Бұл әріптестік – миллиондаған адамға сапалы әрі қолжетімді медициналық көмекті қамтамасыз ете алатын келешек мамандарды даярлауда маңызды рөл атқарады».

Біз

білімнен басталатын болашақтың жағындамыз

Білім — бұл жолдың бастауы, ал біз оның әр кезеңінде қасыңыздамыз. 2025 жылдың 20 ақпанында Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында (ОҚМА) Polpharma тобының өндірістік қызметінің жетекшісі Томас Нотеггердің дәрісі өтті. Ол Polpharma Santo зауытында жұмыс істейтін SCADA жүйесі туралы, фармацевтикалық өндірісте автоматтандыру мен ЖИ енгізу тәжірибесімен бөлісті. Біз студенттерге нақты жағдайларға, заманауи технологияларға және озық тәжірибелерге қол жеткізуге мүмкіндік береміз.



2025 жылдың 28 мамырында ОҚМА-да Еуразиялық экономикалық аймақтағы «АКРИХИН» АҚ-ның корпоративтік сапа жөніндегі директоры Ольга Маклакова дәріс оқыды. Дәрістің тақырыбы: «Polpharma

Santo компаниясындағы еуропалық сапа стандарттары. Ауытқулар мен САРА фармацевтикалық сапа жүйесінің үдерістері ретінде». Ольга Маклакова дәріс барысында ЕО GMP стандарттарын фармацевтикалық кәсіпорындарда енгізу мен сақтау тәжірибесі, сапаны бақылау және басқару тәжірибелері, сонымен қатар ауытқуларды дер кезінде анықтап, түзету және алдын алу әрекеттерін (САРА) жүзеге асырудың маңыздылығы туралы кеңінен айтып берді. Ерекше назар Polpharma Santo компаниясының нақты тәжірибелік мысалдарына және өнімнің қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етудегі сапа жүйесінің рөліне аударылды. Іс-шара ОҚМА студенттері мен оқытушыларының үлкен қызығушылығын тудырып, аймақтың болашақ фармацевттерінің кәсіби дамуына елеулі үлес қосты.

Біз

өсуді қолдаймыз және дарын иелеріне инвестиция саламыз

Әрбір жас маманға өз әлеуетін толық ашу үшін қолдау қажет.



Біз

жас мамандарға алғашқы қадәмдарын жасауға мүмкіндік беріп, олардың білімін тәжірибеге, армандарын шындыққа айналдыруға көмектесіп жатқанымызды мақтан тұтамыз



Біз

**білім күшке айналуы үшін
тәжірибемізбен бөлісеміз**

Тәжірибе білімге пішін мен сенімділік береді. 2024 жылы ОҚМА, КөкУ, Халықаралық бизнес академиясы және басқа да 6 жоғары оқу орнынан келген шамамен 30 студент пен тағылымгер біздің зертханаларда, инженерлік және әкімшілік бөлімдерде, өндірістік цехтарда, сапа және кадрлар бөлімдерінде тәжірибеден өтті.



Біз

2025–2026 оқу жылына ОҚМА-ның үздік студенттеріне 4 білім грантын ұсындық, ал Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің студенті дипломдық жұмысы аясында Polpharma Santo зауытындағы азитромицин өндірісі мысалында биоқауіпсіздікті зерттеді. Бұл жай ғана көмек емес — бұл ғылымға, болашақ фармацевттердің кәсіби өсуіне және бүкіл саланың келешегіне қосқан біздің үлесіміз.



Біз

ғылымды жақындататын жандармен біргеміз

2025 жылдың 5 сәуірінде біз Назарбаев Университетінде өткен Жастарға арналған химия конференциясының серіктесіне айналдық — бұл идеялар туып, ғалымдар өсетін орын. Академиялық бағдарлама арқылы біз білім мен тәжірибе, ғылым мен өндіріс арасында көпір орнатып келеміз.



Біз

**фармацевтиканың болашағын
білім, тәжірибе және қолдау
арқылы қалыптастырамыз**

Polpharma Santo компаниясында біз мықты денсаулық сақтау жүйесінің негізі – білімде деп сенеміз. Сондықтан да біз Polpharma Santo Академиялық бағдарламасын белсенді түрде дамытып келеміз — бұл бастама университеттерді, студенттерді, оқытушылар мен жас ғалымдарды біріктіреді. Біз тәжірибемізбен бөлісеміз, жоғары технологиялар әлеміне жол ашамыз, ертеңгі медицинаны қалыптастырып жатқан жастарды шабыттандырып, қолдаймыз.



Біз

**ғылымның болашағы
бүгіннен басталатынына
кәміл сенеміз**

2024 жылы біз Назарбаев Университетімен бірлесіп ARI-MA, Prophet, LSTM заманауи технологияларын пайдалану арқылы 2032 жылға дейінгі сырқаттанушылықты болжау бойынша бірегей зерттеуді бастадық. Бұл модельдер — шешімдер нақты мәліметтер негізінде қабылданатын денсаулық сақтаудың болашағына қадам болып табылады.

Біз

**көкжиектерді әлеммен бірге
кеңейтеміз**

2025 жылғы 24-26 наурыз аралығында ОҚМА делегациясы Польшаға барып келді. Гданьск медициналық университетінде студенттерге халықаралық білімге есік ашатын қос диплом бағдарламасы талқыланды. Polpharma Biologics-те біздің серіктестер фармацевтиканың жоғары технологиялық, биологиялық және бірлескен болашағын көрді.



Біз

**сенеміз: сапалы
денсаулық сақтау
– білікті маманнан
басталады.
Сондықтан біз кәсіби
қауымдастықтың
дамуын қолдау үшін бар
күшімізді саламыз**





Біз

жұмыс істеп жатқан мамандарға білім береміз

Студенттермен, оқытушылармен және жас ғалымдармен жұмыс жасаумен қатар, Polpharma Santo үздіксіз кәсіптік білім беру бағытын да белсенді түрде дамытуда. Біз фармацевтер, провизорлар және дәрігерлер үшін білім беру іс-шараларын жыл сайын ұйымдастырамыз. 2024 жылы біз **15 000**-нан астам адам үшін біліктілікті арттыруға, білім алмасуға және үздік тәжірибелерді енгізуге бағытталған онлайн және офлайн форматтарда тренингтер, семинарлар және білім беру кездесулерін өткіздік.



Біз

**бірге салауатты болашақ
құрамыз**

Polpharma Santo академиялық бағдарламасы тек қолдаумен ғана шектелмейді. Бұл жастарға деген сенім, білімге деген құрмет, ғылымға бағдарланған фармацевтика мен дәрі-дәрмек өндірісіне қарай жасалған қадам.



Біз

**өсетін, оқитын, іздейтін және
жаңалық ашатын жандардың
қасындамыз**

Біз

әрдайым жаныңыздамыз,
заманауи технологияларды пайдаланып,
әр отбасының денсаулығына күтім жасай отырып,
сапалы әрі қолжетімді препараттарды жасаймыз

